Г. Толоевой
тендер үшін
2023ж. 12. 28

Астана қаласының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаментінің басшысы
С.С.Бейсеноваға

Қызметтік жазба

Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің (бұдан әрі – Департамент) қаржыландыру жоспарының жобасы негізінде 2024 жылға арналған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарында *«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабы 3-тармағының 11-тармақшасы халықаралық рейтингтік агенттіктердің көрсетілетін қызметтерін, қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алуға сәйкес* **ҚҚС-сыз 39 000 теңге 00 тиын сомасына** тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен автомобиль колігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру қызметтерін сатып алу көзделген;

Заңның 39-бабы 3-тармағының 25-тармақшасы қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алуға сәйкес **ҚҚС-сыз 95 142 теңге 90 тиын сомасына** тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу;

ҚҚС-сыз 8 606 250 теңге 00 тиын сомасына тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен электр энергиясы, жылу энергиясы және сумен жабдықтау коммуналдық қызметтері, *сатып алу әдісін қолдануға Заңның 39-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірген берушімен қоса электр энергиясын сатып алу-сату негіз болып табылады;*

Сондай-ақ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Астана қаласының Есіл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы және Астана қаласының Нұра аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы үшін **ҚҚС-сыз 81 524 330 теңге 36 тиын сомасына** тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен үй-жайларды жалға беру қызметтері, *сатып алу әдісін қолдануға Заңның 39-бабы 3-тармағының 53-тармақшасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды сатып алу, сондай-ақ тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалға алу, техникалық күтіп-ұстау, күзету және оған қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, егер тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген,*

тұрғын емес үй-жайлар орналасқан ғимараттағы тұрғын емес үй-жайларды пайдаланатын басқа тұлғаға немесе тұлғаларға осындай қызметтер көрсетілетін болса, тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген тұрғын емес бір немесе бірнеше үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және оларға қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу негіз болып табылады.

Заңның 41-бабының нормаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Осыған байланысты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу туралы Сіздің рұқсатыңызды сұраймыз.

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы **Р.Найманов**